

"Қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу жөніндегі төлемдерді капиталдандыру кезеңі аяқталғаннан кейін банкроттық салдарынан таратылған заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының азаматтарына ай сайынғы төлемдерді есептеу қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2012 жылғы 4 мамырдағы № 168-ө-м бұйрығына толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2013 жылғы 26 ақпандағы № 72-ө-м Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 20 наурызда № 8384 тіркелді

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 мамырдағы № 571 қаулысымен бекітілген Қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу жөніндегі төлемдерді капиталдандыру кезеңі аяқталғаннан кейін банкроттық салдарынан таратылған заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының азаматтарына ай сайынғы төлемдерді жүзеге асыру қағидаларының 26-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу жөніндегі төлемдерді капиталдандыру кезеңі аяқталғаннан кейін банкроттық салдарынан таратылған заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының азаматтарына ай сайынғы төлемдерді есептеу қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2012 жылғы 4 мамырдағы № 168-ө-м (нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 7706 болып тіркелген, 2012 жылғы 11 тамыздағы «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған) бұйрығына мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу жөніндегі төлемдерді капиталдандыру кезеңі аяқталғаннан кейін банкроттық салдарынан таратылған заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының азаматтарына ай сайынғы төлемдерді есептеу қағидаларында: мынадай мазмұндағы 8-тармақпен толықтырылсын:

«8. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі ұсынатын келесі 3 жылға арналған жылдық инфляцияның болжамды деңгейінің негізінде ай сайынғы төлемдерді жыл сайын арттыру жүзеге асырылады.».

2. Әлеуметтік қамсыздандыру және сақтандыру департаменті (Ә.Қ. Мақанова) белгіленген заңнамалық тәртіппен:

- 1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік

тіркелгеннен кейін бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын және Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Т.Б. Дүйсеноваға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2013 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындаған құқық қатынастарына қолданылады.

Министр

«КЕЛІСІЛДІ»

С. Әбденов

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
С т а т и с т и к а а г е н т т і г і
т ө р а ғ а с ы н ы ң м і н д е т і н а т қ а р у ш ы
----- Н. А й д а п к е л о в

2013 жылғы 27 ақпан